

"Тараз қаласы аймағын көріктендіру ережелерін бекіту туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 30-8 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2011 жылғы 14 желтоқсандағы N 45-6 Шешімі. Жамбыл облысы Тараз қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 12 қаңтарда 140 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 10-14 шешімімен

Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 10-14 шешімімен

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3 бабының 2 тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. «Тараз қаласы аймағын көріктендіру ережелерін бекіту туралы» Тараз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 30-8 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-1-107 болып тіркелген, 2010 жылдың 21 шілдесінде № 29 «Жамбыл-Тараз» газетінде жарияланған) келесі толықтыру енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Тараз қаласы аймағын көріктендіру ережелері, мынадай мазмұндағы 9-1 тармағымен толықтырылсын:

« 9 - 1 . Қ а л а н ы ң а у м а ғ ы н д а :

1) көшенің жүру және жүргінші жолдарын, құрылыстан тыс аймақтарды, жасыл желекті аймақтарды және басқа да көпшілік орындарын қоқыстың кез келген түрімен (қағазбен, бөтелкелермен, шылым ұштығымен), тұрмыстық қалдықтармен л а с т а у ғ а ;

2) жарнамаларды, афишаларды, хабарламаларды, жарнамалық плакаттарды, үндеу хаттарды және сол сияқтыларды белгіленбеген жерлерде орналастыруға р ұ қ с а т е т і л м е й д і . » .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тараз қалалық мәслихатының коммуналдық шаруашылық, көркейту, тұрғындарға қызмет көрсету, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары жөніндегі тұрақты комиссиясына (К . Ш . Б о л ы с б а е в) жүктелсін.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қоланысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихаттың
сессиясының төрайымы
Г. Нұрымова*

*Қалалық мәслихат
хатшысы
Ө. Байшығашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК